

# ӘЛЕМДІК КЕҢІСТІКТЕГІ ҰЛТ МЕКТЕБІ

**Қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік стандартқа сай етіп, онымен таласқа түсе алатындай жағдайға жеткізу – алдыға қойған міндеттеріміздің бастысы. Білім беру жүйесін дамытуда басшылыққа алатын бағыт-бағдарды Елбасы жолдауларынан анық көре аламыз.**

**Ж**олдау қысқа мерзімді мақсаттарды анықтап берді.

Олар:

1. функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған жаңартылған білім беруге көшу;

2. ақпараттық технологияларды дамыту мен оларды бала оқытуда кеңінен қолдану;

3. үш тілде білім беру тәжірибесін енгізу;

4. экономикалық білім мен кәсіпкерлік негіздерін оқыту.

Бұл бағыттағы ұжымның басты ұстанымы – әлемдегі ең үздік тәжірибелерді сарапқа салып, отандық білім берудің тиімді үлгісін ұсыну. Елбасы жолдауындағы міндеттерді орындау мақсатында еліміздегі мамандандырылған мектептер, қазақ-түрік лицейлері, Оңтүстік Корея, Оңтүстік Африка Республикасы, Түркия, Татарстан, Грузия мемлекеттеріндегі мектептік білім беру саласын зерделедік. Оксфорд және Кембридж университеттерінің бұл саладағы тәжірибелерін де білдік. Айта кетсек, Оксфорд университеті профессорының «XXI ғасырдың инновациялық мектебі» жобасы бойынша 2 жылдық курсты мектептің 21 жетекші мұғалімі оқып шығып, мектептің оқу-тәрбие жүйесіне енгізді. Мектебіміздің 3 мұғалімі «Болашақ» бағдарламасымен Кембридж университетінде, 10 мұғалім халықаралық бакалавриат жүйесі



бойынша 1 жылдық тағылымдамадан өтті. 2017 оқу жылында жаратылыстану-математика бағытындағы ағылшын тілінде сабақ беретін пән мұғалімдері Варшава қаласы Вистула университетінде ағылшын тілін дамыту мақсатында бір айлық біліктілік арттыру курсына оқып келді.

Барлық ұжым Оксфорд университетінің «XXI ғасырдың инновациялық мектебі» жобасы аясында үш жылдық оқу семинарынан өтті. Бұл семинардың берген басты нәтижесі – оқушылардың ойлау әрекетін манипуляциялау арқылы өздігінен білім алуға жетелеу, оларды оқу техникаларымен қаруландыру сияқты әрекеттердің философиялық негіздерін түсінуге қол жеткізу. Осы семинарда алған білімдерді апробациялау кезінде мектеп әкімшілігі жалпы ұжымның білім беру мен тәрбиелеуге деген жаңа, заманауи көзқарасын қалыптастырды.

Қазіргі заманғы білім берудің басты мақсаты – жаңартылған білім мазмұнына көшу үшін ең басты жетістік әртүрлі талаптар мен кезеңдерде оқып, білім алған ұстаздардың педагогикаға көзқарасын заман талабына сай ету. Ұжымыңыздың сана-сезімін заман талабына сай жаңғырта

алсаңыз, жаңартылған білім беру бағдарламасын сәтті жүзеге асырасыз. Өйткені жаңартылған білім мазмұны – еліміздегі білім беруді дамытудың түп қазығы, ішкі мазмұны, негізгі философиясы. Ал үштілділік, ақпараттық технологиялар – оны жүзеге асырудың құралдары. Бірақ олардың маңызын төмендетуге болмайды. Ұлттық сана-сезімі бойына дарыған, «елім» дейтін патриот ұландар тәрбиелеуде ұжым үш тілде білім беру мен ақпараттық технологиялардың болашақ үшін ауадай қажет екенін түсінеді.

Бұл салада мектебіміз көш ілгері екенін келесі фактілермен көрсетейік.

**Күні кеше ашылса да, мектептің арнайы таңдалған ІТ сыныптары өз қызметінің жетістіктерін елімізбен қатар шетелдерге де танымал етті. Биыл Татарстандағы Қазан федералды университетінің жанындағы ІТ лицейі біздің жұмыстарымызға қызығушылық танытып, мектебімізге арнайы келіп, ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу меморандумына қол қойылды.**

Мектепке деген қызығушылық – біздің оқушыларымыздың халықаралық роботтехника сайыстарындағы жеңістері мен жетістіктерінің көрінісі. Үш тілде білім берудің авангардына айналған мектептің ағылшын тілін оқытудағы ерекше әдістемесі көршілес мемлекеттің назарына ілігуі де ұстаздардың шығармашылық әрекетінен туындады. Кейінгі бес жыл қатарынан Новосибирск педагогикалық университетінің шет тілдері факультетінің студенттері біздің мектепте дипломалды практикаларын өтіп келеді. Олардың берген бағасы бойынша, жетінші сыныптағы оқушыларымыз ағылшын тілінде олардың бірінші курс студенттерімен парапар сөйлейді. Осының бәрі тұтас ұжымның ел болашағына бейқам қарамай, қатардағы орындаушы емес, көшбасшы деңгейінде көріне білуінен.

**Болашақ ұрпақ шетел тәжірибесін меңгергенімен, еліне, жеріне деген құштарлықты жоғалтып алмауы керек. Отанға деген сүйіспеншілік кіші отаннан басталады. Бала үшін кіші отан түсінігінде басты орынды алатын орта – мектеп.**

Мектеп әр баланың көкірек көзін ашу үшін оның қуанышына қуанып, мұңайған сәтінде бірге мұңая ала ма? Ол тәрбие, психологиялық ынталандыру арқылы жүзеге асады. Осы мақсатқа қызмет ететін клуб, студия, шеберханалардың жұмыстары жолға қойылып, оқушылар үшін түрлі шаралар ұйымдастырылады. Кешенді шаралар жүзеге асуы үшін материалдық-техникалық база да қалыптасты.



**Балалар мен ұстаздар үшін ғылым зертханасы, Ipad class, Macbook class, cooking club, media club, intellectum, movie club, Тілтаным зертханасы, роботтехника кабинеті, VR жабдықтар кабинеті, сурет, музыка және би студиялары жұмыс жасайды.**

Мектеп баланың өз үйіне айналады. Ұжымның алдына қойған мақсаттарының бірі – балалардың дарынын ашуға мүмкіндік жасау. Заманауи жабдықталған спорт алаңы, демалыс орындары, жылыжай, тәрбиелік мәні бар әңгімелерге арналған демалыс бөлмелері бар. Жастарды тәрбиелеуде тән қажеттілігін ғана қанағаттандырмай, рух қажеттіліктерін одан жоғары қоюға үйрету керек.

Мектепте осы мақсаттарды жүзеге асыратын кітап оқу сәті, QR Cod негізінде құрылған кітапхана, еркін кітапхана, Read X конференциялар жұмыстары қолға алынған. Оқушылар роботтехника зертханасында ұстаздың

басшылығымен бағдарламалау арқылы «Тағылым» электронды терминалын жасап шығарды. Ол терминал қазақтың рухани әлемін балалардың бойына дарытуға қызмет етеді.

Бүгінде облыс әкімінің арнайы сыйақысына ие болған Н. Нұрмақов атындағы мектеп республикамыздағы мамандандырылған мектептер арасында бұрын «Ең үздік жаңашыл мектеп» ретінде танылса, биыл «Үздік мамандандырылған білім ордасы-2017» сайысында бас жүлдеге ие болды. Мектеп үшін негізгі жетістік – өмірге сәтті жолдама алған шәкіттер. Ұжым болып қанаттандырып ұшырған түлектеріміз әлемнің қай түкпірінде жүрсе де, біз жауаптымыз.

**С. СҰЛТАНОВ,  
Н. Нұрмақов атындағы  
ММИ директоры**

## АННОТАЦИЯ ○

Директор специализированной школы-интерната имени Н. Нурмакова Сейфулмалик Султанов в своей статье рассказывает о политике трехязычия, направленной на освоение казахстанцами казахского, русского и английского языков. Языковая политика в Казахстане – путь интеграции Казахстана в мировое сообщество. Автор предупреждает, что политика трехязычия не требует забывать родной язык, наоборот, она возводит казахский язык на первое место. В конечном счете язык – это стержень национального государства. Автор делится опытом работы специализированной школы-интерната имени Н. Нурмакова в этом направлении.

